

Қарағанды облысының мәслихаты

Қарағанды облыстық
мәслихатының 2026 жылғы 17
қыркүйектегі № 427 шешімі

Маслихат Карагандинской области

**«Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін
медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік
заттарды, медициналық бұйымдарды амбулаториялық емделу кезінде
қосымша ұсыну туралы» Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы
25 ақпандағы №34 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды амбулаториялық емделу кезінде қосымша ұсыну туралы» Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 25 ақпандағы №34 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6207 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы**Н. Кобжанов**

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

Қарағанды облыстық мәслихатының
2026 жылғы 17 қыркүйектегі
XXXVII сессиясының
№ 427 шешіміне қосымша

Қарағанды облыстық мәслихатының
2021 жылғы 25 ақпандағы
II сессиясының
№34 шешіміне
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша
ұсынылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, оның
ішінде амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік заттар, медициналық бұйымдар**

Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша
берілетін амбулаториялық емдеу кезінде қосымша тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі, оның ішінде дәрілік заттар, медициналық бұйымдар:

1. Амбулаториялық емдеу кезінде диагноздармен (рецепт бойынша)
қосымша тегін берілетін дәрілік заттар:

1) «Канакинумаб» дәрілік заты - «Ювенильді идиопатиялық артрит»
диагнозында ;

2) «Тоцилизумаб» дәрілік заты - «Ювенильді склеродермия» диагнозында;

3) «Адалимумаб» дәрілік заты - «Ревматоидты артрит» диагнозында;

4) «Метилпреднизолон» дәрілік заты - «Жүйелік склеродерма» диагнозында;

5) «Азатиоприн» дәрілік заты - «Бехчет ауруы» диагнозында;

6) «Белимумаб», «Анифролумаб» дәрілік заттары - «Жүйелі қызыл жегі»
диагнозында;

7) дәрілік зат - «Блекфан-Даймонд анемиясы» диагнозында;

8) дәрілік зат - «Өкпе артериялық гипертензиясы» диагнозында;

9) дәрілік зат- «Эпилепсия» диагнозында;

10) дәрілік зат - «Ювенильді идиопатиялық артрит» диагнозы кезінде;

-
- 11) дәрілік зат - «Бехтерев ауруы» диагнозында;
 - 12) «Мацитентан» дәрілік заты - «Өкпе артериялық гипертензиясы» диагнозында;
 - 13) «Кладрибин» дәрілік заты - «Шашыраңқы склероз» диагнозында;
 - 14) «Секукинумаб» дәрілік заты - «Псориаз» диагнозында;
 - 15) «Этеплирсен», «Голодирсен», «Касимерсен» дәрілік заттары – «Дюшеннің бұлшықет дистрофиясы» диагнозында;
 - 16) «Секукинумаб» дәрілік заты - «Псориаздық артрит (псориаздық артропатия)» диагнозында;
 - 17) «Ритуксимаб» дәрілік заты - «Оптикалық спектрдің невромиелит аурулары» диагнозында;
 - 18) «Омализумаб» дәрілік заты - «Бронхиалды астма» диагнозында;
 - 19) «Селуметиниб» дәрілік заты - «Нейрофиброматоз» диагнозында;
 - 20) «Велаглуцераза альфа» дәрілік заты - «Болезнь Гоше» диагнозында;
 - 21) «Буросумаб» дәрілік заты - «Фосфор алмасуының бұзылуы» диагнозында;
 - 22) «Ланаделумаб», «C1 эстераза тежегіші» дәрілік заттар - «Бастапқы иммундық тапшылық. Комплемент жүйесіндегі ақау» диагнозында;
 - 23) «Адам иммуноглобулині» дәрілік заты - «Басқа да қабынбалы полинейропатиялар» диагнозында;
 - 24) «Вандетаниб» дәрілік заты - «Онкологиялық аурулар. Қалқанша безінің обыры, IVA сатысы, T4aNIM0» диагнозында;
 - 25) «Алглюкозидаза-альфа» дәрілік заты - «Гликоген жинақталу аурулары (Помпе ауруы)» диагнозында;
 - 26) «Элексакафтор/тезакафтор/ивакафтор» дәрілік заты - «Муковисцидоз» диагнозында;
 - 27) «Рисдиплам» дәрілік заты - «Жұлын бұлшықет атрофиясы» диагнозында;
 - 28) «Венетоклакс» дәрілік заты - «Лимфалық лейкоз (лимфолейкоз)» диагнозында.

2. Амбулаториялық емдеу кезінде медициналық бұйымдар келесі
диагнозбен тегін:

медициналық бұйымдар (рецепт бойынша) «Буллезді эпидермолиз»
диагнозы бар азаматтарға.